

ӨОЖ 331.25:339.923

FTAMP 06.77.65

DOI: <https://doi.org/10.37788/2026-1/72-79>**В.Ю. Питраков^{1*}**¹Инновациялық Еуразия университеті, Қазақстан

*(e-mail:pwju@mail.ru)

Еуразиялық экономикалық одақ аясында Қазақстан мен Ресейдің әлеуметтік-экономикалық интеграциясының жаңа түрі ретінде Еуразиялық зейнетақы**Андатпа**

Негізгі мәселе: Посткеңестік кеңістікте еңбек күшінің трансшекаралық мобильділігі артқан қазіргі жағдайда азаматтардың өз мемлекеттерінен тыс жерде еңбек етуіне байланысты зейнетақы құқықтарын реттеу мәселесі барған сайын өзекті болуда. Зерттеу Еуразиялық экономикалық одаққа (ЕАЭО) мүше мемлекеттердің еңбекші азаматтарын зейнетақымен қамтамасыз ету туралы келісімнің күшіне енуімен байланысты зейнетақы жүйесіндегі экономикалық-құқықтық өзгерістерді талдауға бағытталған. Бұл халықаралық-құқықтық акт интеграциялық бірлестікке қатысушы елдерде еңбек ететін азаматтардың зейнетақы құқықтарын қалыптастыру стандарттарын үйлестіруге және жақындатуға бағытталған.

Мақсаты: Зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы халықаралық үйлестіруді тереңдетудің Еуразиялық экономикалық кеңістіктің әлеуметтік интеграциясы мен тұрақты дамуының маңызды факторы ретіндегі қажеттілігі туралы қорытынды жасау.

Әдістері: Зерттеуде жалпығылыми және арнайы әдістер, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының зейнетақы жүйелеріне салыстырмалы-экономикалық және жүйелік талдау тәсілдері қолданылды.

Нәтижелері және олардың маңызы: Жұмыста еңбек (сақтандыру) өтілі мен зейнетақы жарналарының пропорционалды қаржылық есебінің тетіктері қарастырылады. Ерекше назар негізгі зейнетақы модельдерінің – ынтымақты (бөлу/еңбекке негізделген) және жинақтаушы жүйелердің сипаттамаларына аударылған, олардың әрқайсысы тиісті елдердің әлеуметтік-экономикалық реформаларының ерекшеліктерін бейнелейді. Автор ғылыми айналымға «Еуразиялық зейнетақы» ұғымын енгізеді, ол ЕАЭО-ға мүше екі немесе одан да көп мемлекеттердің қаражаттары есебінен, әр елде жинақталған еңбек өтілі мен зейнетақы жарналарына байланысты қалыптасатын зейнетақы төлемдерінің жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Жүргізілген талдау негізінде ұлттық зейнетақы жүйелерінің өзара іс-қимыл тетіктерін жетілдіруге бағытталған ұсыныстар тұжырымдалған. Бұл ұсыныстар әлеуметтік әділеттілікті нығайтуға және еуразиялық интеграция аясында ұзақ мерзімді тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған.

Түйінді сөздер: ЕАЭО, зейнетақымен қамсыздандыру, еңбек көші-қоны, Еуразиялық зейнетақы, заңнаманы үйлестіру, еңбек өтілі, жинақтаушы жүйе.

Кіріспе

Жаһандану дәуірінде еңбек күшінің жоғары мобильділігі байқалады, азаматтар тұрғылықты жері мен жұмыс орнын жиі ауыстырады. Бұл үдеріс мемлекеттердің алдына зейнетақы құқықтарына қатысты маңызды сұрақтарды қояды: шетелде жұмыс істеген жағдайда зейнетақы құқықтарын қалай қалыптастыруға болады, зейнетақымен қамсыздандыру міндетін қай ел өз мойнына алуы тиіс және шетелдік жұмысшылар уақытша еңбек ететін елдің зейнетақы жүйесіне жарна төлеуге міндетті ме.

Бүгінде тығыз экономикалық байланыс орнатқан мемлекеттер осындай мәселелерді шешудің келісілген тәсілдерін әзірлеуде. Мәселен, КСРО-дан мұраға қалған ынтымақты зейнетақы моделінің негізін иеленген Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы уақыт өте келе өз жүйелерін жаңғыртты. Әлеуметтік-экономикалық құқықтарды қорғаудың халықаралық нормалары адамдардың елдер арасында орын ауыстыруы кезінде зейнетақы құқықтарының үздіксіздігін қамтамасыз етуді көздейді. Бұл не бұрын алынған құқықтар

негізінде төлемдердің жалғасуы, не әртүрлі елдерде жинақталған еңбек өтілін есепке алу арқылы жүзеге асады.

Қазақстан, Ресей, Беларусь, Армения және Қырғызстан азаматтары үшін зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері тарихи тұрғыдан ТМД елдерінің келісімі негізінде реттеліп келген. Аталған келісім кеңестік кезеңде қалыптасқан зейнетақы құқықтарын өзара мойындауды көздеді. Осы құжатқа сәйкес, зейнетақы азаматтығына қарамастан, тұрақты тұратын жері бойынша тағайындалды. Бұл тәсіл құқықтық жүйелердің ұқсастығымен, көші-кон белсенділігінің жоғары болуымен және төлемдерді тағайындаудың аумақтық принципімен түсіндірілді. Алайда бұл модельдің негізгі кемшілігі зейнеткерлер көп қоныстанған елдердің бюджетіне түсетін ауыртпалықтың тең бөлінбеуінде болды – ең алдымен Ресей мен Қазақстанға.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында жалпығылыми және арнайы әдістер қолданылды: әлеуметтік-экономикалық және жүйелік талдау, институционалдық тәсіл, сондай-ақ салыстырмалы-құқықтық зерттеу әдісі. Соңғысының аясында Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін реттейтін қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілері салыстырылды. Мұндай әдістемелік кешен ЕАЭО елдеріндегі зейнетақымен қамсыздандырудың қазіргі жағдайы туралы объективті түсінік қалыптастыруға, бар мәселелерді анықтауға және тиісті ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік берді.

Нәтижелер

Посткеңестік кеңістіктегі мемлекеттер арасындағы өзара қатынастардың дамуы зейнетақымен қамсыздандыруды реттейтін халықаралық жүйенің қалыптасуына ықпал етті. Алайда әрбір жаңа нормативтік кезең қабылданған сайын зейнетақы құқықтарын қалыптастыру барысында түрлі қиындықтар мен шектеулер байқалды [1, 64-6.]. Бұл жағдай Еуразиялық экономикалық одақтың құрылуымен түбегейлі өзгерді. 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2019 жылғы 20 желтоқсанда қол қойылған ЕАЭО мүше мемлекеттерінің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісім күшіне енді [2].

Келісімнің басты мақсаты – еңбекшілердің (ЕАЭО мүше мемлекеттерінің азаматтары) жұмыс істейтін елдің азаматтарымен тең шарттар мен тәртіп негізінде зейнетақы құқықтарын қалыптастыруды қамтамасыз ету. Бұл әрбір ЕАЭО мемлекеті өз аумағында еңбек ететін өзге мүше елдердің азаматтарына зейнетақымен қамсыздандыру бойынша өз азаматтарына берілетін құқықтармен тең көлемде құқықтар кепілдендіруге тиіс дегенді білдіреді [3]. Келісім ортақ экономикалық кеңістік пен еңбек ресурстарының еркін қозғалысы жағдайында ЕАЭО елдерінің еңбекшілерінің зейнетақы құқықтарын үйлестірудің негізіне айналды [4, 343-6.]. Келісіммен қатар ЕАЭО мүше мемлекеттерінің уәкілетті органдарының ведомствоаралық өзара іс-қимылын реттейтін ереже бекітілді. Оның мақсаты – ортақ еңбек нарығы жағдайында әлеуметтік кепілдіктерді институционалдандыру және еңбек өтілі жинақталған елдерде еңбекшілердің зейнетақымен қамсыздандыруға тең әлеуметтік құқықтарын қамтамасыз ету [5].

Келісімнің ережелеріне сәйкес, ЕАЭО елдерінің еңбекшілері зейнетақы төлемдерін жұмыс істеген елдің азаматтарымен бірдей шарттарда алуға құқылы. Бұл ретте 2021 жылдан бастап еңбек өтілі тек өз елінде ғана емес, одаққа мүше басқа мемлекеттерде жинақталған кезеңдермен бірге есепке алынады. Келісімнің негізіне алынған пропорционалдық принципі бойынша әрбір мемлекет өз аумағында қалыптасқан еңбек өтіліне және (немесе) зейнетақы жарналарына сәйкес келетін бөлікте зейнетақы төлейді.

Соған қарамастан, қол жеткізілген келісімдерге қарамастан, құқықтық базаның жетілмегендігіне байланысты бірқатар мәселелер сақталып отыр. ЕАЭО қызметінің бастапқы кезеңінде-ақ сарапшылар әлеуметтік-экономикалық саладағы заңнаманы терең үйлестіру қажеттігін атап өткен болатын. Негізгі қиындықтардың қатарында нормативтік реттеудің толық болмауы, құқықтық түсіндірмелердің жеткіліксіздігі және келісімнің орындалуына қатысты ұйымдастырушылық мәселелер бар. Бұл түйткілдер үйлестіру мен бақылау жүргізу үшін қосымша институционалдық тетікті қажет етеді [6, 311-6.].

Зейнетақы реформасы әлі толық аяқталмағандықтан, үйлестіру мен сәйкестендіру үдерісі қиындады. Қазақстаннан басқа, зейнетақы жинақтары жүйесі енгізген барлық мемлекеттер зейнетақы жүйесін реформалау бойынша шараларды әлі де жүзеге асыруда [1, 70-6.]. ЕАЭО елдерінің ішінде Қазақстанның зейнетақы жүйесі барынша жаңартылған болып саналады, ол жинақтау қағидатына негізделген. Ел ТМД кеңістігінде алғаш болып міндетті жинақтаушы модельді енгізді, ол 1998 жылдан бері табысты жұмыс істеуде. Бұл жүйе аясында

жұмыскерлер өздерінің жалпы табысының 10 %-ын міндетті зейнетақы жарналары ретінде аударады [7].

2026 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасында міндетті зейнетақы жарналары есебінен 11 298 677 жеке зейнетақы шоты ашылған, ал осы шоттардағы жинақталған жалпы қаражат көлемі 24,8 триллион қазақстандық теңгені құрайды. Зиянды өндіріске қызметкерлерді жұмысқа қабылдайтын жұмыс берушілер өз қаражаттары есебінен қосымша 5 % кәсіптік зейнетақы жарналарын аударуға міндетті. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары негізінде 766 400 жеке шот ашылған, ал бұл шоттардағы жалпы жинақ сомасы 736 млрд. қазақстандық теңгені құрайды [8]. Сонымен қатар, зейнетақы қызметтері нарығының түрлі қатысушылары жүзеге асыратын ерікті зейнетақымен қамсыздандыру тетіктері де бар.

Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына сәйкес, 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің азаматы болып табылатын еңбекшіні жұмысқа тартқан әрбір жұмыс беруші оның ай сайынғы табысының 10 %-ы мөлшерінде міндетті зейнетақы жарналарын Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына тұрақты түрде аударуға міндетті [3].

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қосымша элемент – жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) енгізілді. Белгіленген өзгерістерге сәйкес, барлық жұмыс берушілер өз қаражаттары есебінен 1975 жылғы 1 қаңтардан кейін туған қызметкерлер үшін Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына қосымша жарналар аударуға міндетті. ЖМЗЖ мөлшері жыл сайын кезең-кезеңімен ұлғайып отырады (2024 жылы – 1,5 %, 2025 жылы – 2,5 %, 2026 жылы – 3,5 %, 2027 жылы – 4,5 %) ал 2028 жылы бұл көрсеткіш 5 % деңгейіне жетеді. 2026 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша ЖМЗЖ аударылуына байланысты 5 551 734 шартты зейнетақы шоты ашылып, осы шоттардағы жалпы жинақталған қаражат көлемі 5,5 млрд қазақстандық теңгені құрады [8].

Қазіргі уақытта Ресей Федерациясында зейнетақымен қамсыздандыруды реттейтін негізгі нормативтік-құқықтық актілер мыналар болып табылады: 2013 жылғы 28 желтоқсандағы «Сақтандыру зейнетақылары туралы» Федералдық заң [9]; 2013 жылғы 28 желтоқсандағы «Жинақтаушы зейнетақы туралы» Федералдық заң [10]; 2001 жылғы 15 желтоқсандағы «Ресей Федерациясында мемлекеттік зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Федералдық заң [11].

Ресейдің зейнетақы жүйесі көпдеңгейлі құрылымға ие. Оның негізін зейнетақы сақтандыру жүйесі құрайды, ол зейнет жасына жеткен және кемінде 15 жылдық сақтандыру өтілі бар тұлғаларға зейнетақы тағайындауды көздейді. 2023 жылдан бастап елде бірыңғай сақтандыру жарналарының мөлшерлемесі енгізілді:

- сақтандыру жарналарының бірыңғай шекті базасы шегінде – 30 %,
- ал осы шекті мөлшерден жоғары табыстарға – 15,1 % мөлшерінде белгіленген.

Қосымша талап ретінде зейнетақы коэффициенттерінің ең төменгі шекті мәні – отыз болып белгіленді, бұл зейнетақы жүйесіне қатысу ұзақтығына қойылатын ресми талаптарды бекітеді.

Ресей Федерациясында жинақтаушы зейнетақы моделінің қалыптасуы институционалдық тұрақсыздық және жүйеліліктің болмауы жағдайында өтті. Зейнетақы жинақтары жүйесіне ерікті түрде қатысу құқығы алғаш рет 1992 жылы Ресей Федерациясы Президентінің «Мемлекеттік емес зейнетақы қорлары туралы» Жарлығымен бекітілді. Он жылдан кейін еңбек зейнетақысының міндетті жинақтаушы бөлігі енгізіліп, 2013 жылы ол дербес жинақталатын зейнетақыға түріне айналды. Алайда соңғы онжылдықта жүзеге асырылған мемлекеттік бастамалар, соның ішінде 2014 жылы зейнетақының жинақтаушы бөлігіне аударымдарға жарияланған мораторий, әлсіз дамыған бұл жүйенің қызметін іс жүзінде барынша шектеп, осы қаражаттарды міндетті зейнетақы сақтандыру жүйесіне автоматты түрде қайта бөлуге алып келді [12, 53-6.]. Ресейдің Әлеуметтік қоры жүргізетін азаматтардың зейнетақылық және әлеуметтік құқықтарын есепке алу жүйесінде 160,4 миллион жеке шот тіркелген [13].

Қазақстан моделіне қарағанда, Ресей мен Беларусьтің зейнетақы жүйелері көбіне бөлу және ынтымақ қағидаларына негізделген. Армения мен Қырғызстан жинақтаушы модельге көшу процесін біршама жуырда бастаған, алайда оны жүзеге асыру ауқымы әзірге шектеулі. Барлық ЕАЭО мүше мемлекеттерінде ерікті жинақтаушы зейнетақы жүйелері қарастырылғанымен, олардың даму деңгейі бірқатар шектеуші факторларға байланысты төмен болып отыр [12, 56-6.].

Зейнетақы құқықтары әлеуметтік қорғау жүйесінде негізгі рөлге ие және еңбекке қабілеттілігін жоғалтқан немесе зейнет жасына жеткен барлық азаматтар санатының мүдделерін қамтиды. Мұндай құқықтарды сақтау азаматтардың тұрғылықты жері мен жұмыс орнын ауыстыруына қарамастан әлеуметтік қамтамасыз етудің үздіксіздігін қамтамасыз етуді көздейді және көші-қонға байланысты оларды жоюға, қысқартуға немесе тоқтатуға жол бермейді [14, 100-б.]. Мысалы, Ресей Федерациясының азаматы Қазақстанда бес жыл, Беларусьте жеті жыл, Арменияда он бір жыл жұмыс істеп, қалған еңбек қызметін Ресейде өткізген жағдайда, ол осы елдердің әрқайсысынан олардың юрисдикциясында жұмыс істеген кезеңіне сай зейнетақы алуға құқылы.

ЕАЭО-ға мүше әрбір мемлекет өз аумағында қалыптасқан еңбек өтілі үшін зейнетақы төлеуге міндетті екенін ескерсек, еңбек қатынастарын ресми түрде рәсімдеу аса маңызды шарт болады. Осыған байланысты, ЕАЭО елдерінің азаматтары басқа мүше мемлекеттердің аумағында еңбек қызметін жүзеге асырған кезде уақытылы еңбек немесе азаматтық-құқықтық шарттар жасасуы қажет. Зейнетақы төлемдерінің мөлшері мен оларды тағайындау және алу үшін қажетті құжаттар тізбесі ЕАЭО-ға мүше әрбір елдің ұлттық заңнамасымен реттеледі. Зейнетақы міндеттемелерін еңбек өтілі қалыптасқан мемлекет орындайды, бұл зейнетақы құқықтарының аумақтық байланыс қағидатын көрсетеді.

Осылайша, азаматтың зейнетақы төлемдері азамат еңбек қызметін жүзеге асырған мемлекеттермен төленеді, тіпті егер ол зейнетақы тағайындалған сәтте басқа ЕАЭО елі аумағында тұрып жатқанына да қарамастан. Бұл ретте өтініш пен қажетті құжаттарды ұсыну рәсімі азаматтың тұрғылықты елінде жүзеге асырылады. Мысалы, Ресей Федерациясында еңбек еткен Қазақстан азаматы зейнет жасына жеткен кезде Ресей Федерациясына бармай-ақ, Қазақстан Республикасындағы уәкілетті органға – Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына өтініш бере алады. Сол сияқты, Ресейдің Әлеуметтік және зейнетақы қоры да ЕАЭО елдерінде еңбек өтілі бар Ресей азаматтарынан өтініштер қабылдайды [15].

Келісім күшіне енгеннен бері аз уақыт өтсе де, еңбекшілерге осы келісім шеңберінде зейнетақы тағайындалып, ЕАЭО-ға мүше екі немесе одан да көп елден төлемдер жүзеге асырылып жатыр. Мәселен, 2021 жылы 9 053 еңбекшіге зейнетақы тағайындалса, 2022 жылы – 12 448 адамға осындай төлемдер бекітілген, ал 2023 жылы – 9 203 адам ЕАЭО шеңберінде зейнетке шыққан [16]. 2024 жылы басқа елде еңбек өтілі бар және тұрғылықты елінде зейнетақы рәсімдеген ЕАЭО азаматтарының жалпы саны 13,8 мың адамды құрады [15].

Талқылау

Зерттеу барысында алынған негізгі тұжырымдар мен нәтижелер 2025 жылғы 26–27 қыркүйек аралығында Санкт-Петербург мемлекеттік университетінде өткен «Саясат пен дамудың түрлі модельдері жағдайында мемлекет, бизнес және қоғамның өзара іс-қимылы:» атты Халықаралық ғылыми конференцияда ұсынылып, оң бағасын алды.

Қорытынды

Жүргізілген талдау негізінде қазақстандық ғылыми әдебиетке алғаш рет «Еуразиялық зейнетақы» ұғымын енгізу ұсынылады.

Осылайша, Еуразиялық зейнетақы – бұл жеке тұлғаға ЕАЭО-ға мүше екі немесе одан да көп мемлекеттен ай сайын төленетін ақшалай төлемдер, егер аталған тұлға осы мемлекеттердің аумағында еңбек (сақтандыру) өтіліне ие болса және/немесе еңбек қызметін растайтын зейнетақы немесе өзге де жарналар төлеген болса, сондай-ақ ЕАЭО елдерінің заңнамасында белгіленген зейнеткерлік жасқа жеткен болса.

Еңбек мигранттарының зейнетақымен қамтылуын тиімді реттеу тек халықаралық келісімдердің болуы арқылы мүмкін. Ортақ кеңестік мұра, зейнетақы жүйелерінің құрылымдық ұқсастығы және қазіргі сын-қатерлер (халықтың қартаюы, экономикалық трансформация, еңбек ресурстарының жоғары мобильдігі) ЕАЭО елдерін зейнетақы институтын реформалауға мәжбүр етті. Бұл реформалар зейнет жасын арттыруды, еңбек өтіліне қойылатын талаптарды қатаңдатуды және жинақтаушы элементтерді енгізуді қамтиды.

Соңғы отыз жылдағы дербес даму кезеңі ЕАЭО елдерінің зейнетақы жүйелерінде ортақ белгілер мен айтарлықтай айырмашылықтардың бар екенін көрсетті. Алайда бұл айырмашылықтар азаматтардың зейнетақы құқықтарын қорғаудың бірыңғай тәсілдерін қамтамасыз ететін халықаралық тетіктердің қалыптасуына кедергі болған жоқ. Дегенмен, институционалдық айырмашылықтар әлеуметтік әділетсіздік пен зейнетақымен қамтылудағы теңсіздік тәуекелдерін әлі де сақтап отыр.

Алынған нәтижелер ЕАЭО шеңберінде зейнетақымен қамсыздандыру саласында тиімді мемлекеттік саясат қалыптастыру үшін практикалық маңызға ие, уәкілетті мемлекеттік органдар арасындағы өзара іс-қимылды нығайту және мүше мемлекеттердің зейнетақы жүйелерін одан әрі институционалдық тұрғыдан жақындатудың негізі бола алады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Мосейко В.В. Международное регулирование пенсий в ЕАЭС: проблемы и перспективы развития / В.В. Мосейко // Евразийская интеграция: экономика, право, политика. – 2024. – № 2(48). – С. 63-74. DOI: 10.22394/2073-2929-2024-02-63-74. – EDN: KHPCCJ.
- 2 Соглашение о пенсионном обеспечении трудящихся государств – членов Евразийского экономического союза от 20 декабря 2019 г. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://docs.eaeunion.org/documents/236/4913/> (дата обращения: 01.03.2026).
- 3 Что нужно знать о получении пенсии в странах ЕАЭС. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://egov.kz/cms/ru/articles/pension/eaes-1> (дата обращения: 01.03.2026).
- 4 Айдарбекова Г.Б. Гармонизация пенсионного законодательства ЕАЭС в области социально-обеспечительных прав трудящихся / Г.Б. Айдарбекова, З.А. Кыдыргычова // Бюллетень науки и практики. – 2024. – № 1. – С. 342-347. DOI: 10.33619/2414-2948/98/43.
- 5 Решение Совета Евразийской экономической комиссии «О Порядке взаимодействия между уполномоченными органами, компетентными органами государств – членов Евразийского экономического союза и Евразийской экономической комиссией по применению норм Соглашения о пенсионном обеспечении трудящихся государств – членов Евразийского экономического союза» от 23 декабря 2020 года № 122. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/H20EV000122> (дата обращения: 02.03.2026).
- 6 Питраков В.Ю. Институционализация пенсионного обеспечения Российской Федерации и Республики Казахстан в рамках ЕАЭС: концепт «евразийской пенсии» как фактор социальной интеграции / В.Ю. Питраков // Взаимодействие государства, бизнеса и общества в условиях различных моделей политики развития. Материалы Международной научной конференции. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://www.elibrary.ru/download/elibrary_88999730_54185311.pdf (дата обращения: 04.03.2026).
- 7 Социальный кодекс Республики Казахстан от 20 апреля 2023 г. № 224-VI. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K2300000224#z3162> (дата обращения: 03.03.2026).
- 8 Количество индивидуальных пенсионных счетов в Республике Казахстан. [Электронный ресурс]. – URL: <https://www.enpf.kz/ru/indicators/pensionnye-nakopleniya-i-scheta/kolichestvoips.php?REGION=&GENDER=> (дата обращения: 03.03.2026).
- 9 Федеральный закон «О страховых пенсиях» от 28 декабря 2013 года № 400-ФЗ. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_156525/ (дата обращения: 04.03.2026).
- 10 Федеральный закон «О накопительной пенсии» от 28 декабря 2013 года № 424-ФЗ. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_156541/ (дата обращения: 04.03.2026).
- 11 Федеральный закон «О государственном пенсионном обеспечении в Российской Федерации» от 15 декабря 2001 года № 166-ФЗ. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_34419/ (дата обращения: 04.03.2026).
- 12 Мосейко В.В. Пенсионное обеспечение по старости в странах ЕАЭС / В.В. Мосейко // Евразийская интеграция: экономика, право, политика. – 2023. – № 3(45). – С. 50-63 DOI: 10.22394/2073-2929-2023-03-50-63.
- 13 Учебник «Всё о будущей пенсии для учёбы и жизни» [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://sfr.gov.ru/press_center/advert_materials/~151 (дата обращения: 05.03.2026).
- 14 Колотова Н.В. Правовые механизмы сохранения пенсионных прав при переезде за рубеж / Н.В. Колотова // Труды Института государства и права РАН – 2023. – № 5(18). – С. 98-120. DOI: 10.35427/2073-4522-2023-18-5-kolotova.
- 15 Электронное взаимодействие при пенсионных выплатах прорабатывают страны ЕАЭС. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://prosud.kz/v-mire/1023177-elektronnoe-vzaimodeystvie-pri-pensionnykh-vyplatakh-prorabatyvayut-strany-eaes.html> (дата обращения: 05.03.2026).

16 В рамках соглашения ЕАЭС в 2023 году пенсия назначена более 9,2 тысячи граждан. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://eec.eaeunion.org/news/speech/v-ramkakh-soglasheniya-eaes-pensiya-naznachena-bolee-9-2-tysyachi-grazhdan/> (дата обращения: 05.03.2026).

REFERENCES

1. Mosejko, V.V. (2024). Mezhdunarodnoe regulirovanie pensij v EAES: problemy i perspektivy razvitiya [International regulation of pensions in the EAEU: problems and prospects for development]. *Evrazijskaya integraciya: ekonomika, pravo, politika - Eurasian Integration: Economics, Law, and Politics*, 2(48), 63-74. DOI: 10.22394/2073-2929-2024-02-63-74. – EDN: KHPCCJ. [in Russian].
2. Soglashenie o pensionnom obespechenii trudyashchikhsya gosudarstv – chlenov Evrazijskogo ekonomicheskogo soyuza [Agreement on pension provision for workers of the member states of the Eurasian Economic Union.]. (n.d.). [docs.eaeunion.org](https://docs.eaeunion.org/docs/236/4913/). Retrieved from <https://docs.eaeunion.org/documents/236/4913/> [in Russian].
3. Chto nuzhno znat' o poluchenii pensii v stranakh EEAS [What you need to know about receiving a pension in EEA countries]. (n.d.). [egov.kz](https://egov.kz/cms/ru/articles/pension/eaes-1). Retrieved from <https://egov.kz/cms/ru/articles/pension/eaes-1> [in Russian].
4. Aidarbekova G.B., & Kydyrgychova Z.A. (2024). Garmonizatsiya pensionnogo zakonodatel'stva EAES v oblasti sotsial'no-obespechitel'nykh prav trudyashchikhsya [Harmonization of EAEU pension legislation in the field of social security rights of workers]. *Byulleten' nauki i praktiki - Bulletin of Science and Practice*, 1, 342-347. DOI: 10.33619/2414-2948/98/43. [in Russian].
5. Reshenie Soveta Evrazijskoj ekonomicheskoy komissii «O Poryadke vzaimodeystviya mezhdru upolnomochennymi organami, kompetentnymi organami gosudarstv – chlenov Evrazijskogo ekonomicheskogo soyuza i Evrazijskoj ekonomicheskoy komissiej po primeneniyu norm Soglasheniya o pensionnom obespechenii trudyashchikhsya gosudarstv – chlenov Evrazijskogo ekonomicheskogo soyuza» [Decision of the Council of the Eurasian Economic Commission “On the Procedure for Interaction between Authorized Bodies, Competent Authorities of Member States of the Eurasian Economic Union, and the Eurasian Economic Commission on the Application of the Provisions of the Agreement on Pension Provision for Workers of Member States of the Eurasian Economic Union”]. (n.d.). [adilet.zan.kz](https://adilet.zan.kz/rus/docs/H20EV000122). Retrieved from <https://adilet.zan.kz/rus/docs/H20EV000122> [in Russian].
6. Pitakov, V.YU. (2026). Institucionalizatsiya pensionnogo obespecheniya Rossijskoj Federatsii i Respubliki Kazakhstan v ramkah EAES: koncept «evrazijskoj pensii» kak faktor social'noj integratsii [Institutionalization of pension provision in the Russian Federation and the Republic of Kazakhstan within the framework of the EAEU: the concept of a «Eurasian pension» as a factor in social integration]. *Vzaimodeystvie gosudarstva, biznesa i obshchestva v usloviyakh razlichnykh modeley politiki razvitiya. Materialy Mezhdunarodnoy nauchnoy konferentsii - Interaction between the state, business, and society under various development policy models*, 310-314. Retrieved from https://www.elibrary.ru/download/elibrary_88999730_54185311.pdf [in Russian].
7. Sotsial'nyj kodeks Respubliki Kazakhstan [Social Code of the Republic of Kazakhstan]. (n.d.). [adilet.zan.kz](https://adilet.zan.kz/rus/docs/K2300000224#z3162). Retrieved from: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K2300000224#z3162> [in Russian].
8. Kolichestvo individual'nykh pensionnykh schetov v Respublike Kazakhstan [Number of individual pension accounts in the Republic of Kazakhstan]. (n.d.). [www.enpf.kz](https://www.enpf.kz/ru/indicators/pensionnye-nakopleniya-i-scheta/kolichestvoips.php?REGION=&GENDER=). Retrieved from <https://www.enpf.kz/ru/indicators/pensionnye-nakopleniya-i-scheta/kolichestvoips.php?REGION=&GENDER=> [in Russian].
9. Federal'nyj zakon «O strakhovykh pensiyakh» [Federal Law «On Insurance Pensions»]. (n.d.). [www.consultant.ru](https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_156525/). Retrieved from https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_156525/ [in Russian].
10. Federal'nyj zakon «O nakopitel'noj pensii» [Federal Law «On Accumulative Pensions»]. (n.d.). [www.consultant.ru](https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_156541/). Retrieved from https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_156541/ [in Russian].
11. Federal'nyj zakon «O gosudarstvennom pensionnom obespechenii v Rossijskoj Federatsii» [Federal Law «On State Pension Provision in the Russian Federation»]. (n.d.). [www.consultant.ru](https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_34419/). Retrieved from https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_34419/ [in Russian].
12. Mosejko, V.V. (2023). Pensionnoe obespechenie po starosti v stranakh EAES [Old-age pension provision in EAEU countries]. *Evrazijskaya integratsiya: ekonomika, pravo, politika.- Eurasian Integration: Economics, Law, and Politics*, 3(45), 50-63 DOI: 10.22394/2073-2929-2023-03-50-63. [in Russian].

13. Uchebnik «Vsyо о budushchej pensii dlya uchyoby i zhizni» [Textbook «Everything about your future pension for study and life»]. sfr.gov.ru. Retrieved from https://sfr.gov.ru/press_center/advert_materials/~151 [in Russian].
14. Kolotova, N.V. (2023). Pravovye mekhanizmy sokhraneniya pensionnykh prav pri pereezde za rubezh [Legal mechanisms for preserving pension rights when moving abroad]. Trudy Instituta gosudarstva i prava RAN - Proceedings of the Institute of State and Law of the Russian Academy of Sciences, 5(18), 98-120. DOI: 10.35427/2073-4522-2023- 18-5-kolotova. [in Russian].
15. Elektronnoe vzaimodejstvie pri pensionnykh vyplatakh prorabatyvayut strany EAES [EAEU countries are working on electronic interaction for pension payments]. (n.d.). www.prosud.kz Retrieved from <https://prosud.kz/v-mire/1023177-elektronnoe-vzaimodeystvie-pri-pensionnykh-vyplatakh-prorabatyvayut-strany-eaes.html> [in Russian].
16. V ramkakh soglasheniya EAES v 2023 godu pensiya naznachena bolee 9,2 tysyachi grazhdan [Under the EAEU agreement, more than 9,200 citizens will receive pensions in 2023.]. eec.eaeunion.org Retrieved from <https://eec.eaeunion.org/news/speech/v-ramkakh-soglasheniya-eaes-pensiya-naznachena-bolee-9-2-tysyachi-grazhdan/> [in Russian].

В.Ю. Питраков¹

¹Инновационный Евразийский университет, Казахстан

Евразийская пенсия как новая форма социально-экономической интеграции Казахстана и России в рамках ЕАЭС

В условиях увеличения трансграничной мобильности рабочей силы на постсоветском пространстве всё более актуализируется проблема регулирования пенсионных прав граждан, осуществляющих трудовую деятельность за пределами своих государств. Исследование сосредоточено на анализе экономико-правовых трансформаций в сфере пенсионного обеспечения, обусловленных вступлением в силу Соглашения о пенсионном обеспечении трудящихся граждан государств – членов Евразийского экономического союза (ЕАЭС). Данный международно-правовой акт направлен на унификацию и сближение стандартов формирования пенсионных прав граждан, работающих в государствах – партнёрах по интеграционному объединению.

Цель работы сформировать выводы о необходимости углубления международной координации в сфере пенсионного обеспечения как важнейшего фактора социальной интеграции и устойчивого развития Евразийского экономического пространства.

В исследовании использовались общенаучные и специальные методы, сравнительно-экономический и системный анализы пенсионных систем Республики Казахстан и Российской Федерации.

В работе рассматриваются механизмы пропорционального финансового учёта трудового (страхового) стажа и пенсионных взносов. Отдельное внимание уделено характеристике ключевых пенсионных моделей – солидарной (распределительной/трудовой) и накопительной, каждая из которых отражает специфику социально-экономических реформ соответствующих стран. Автор вводит в научный оборот понятие «Евразийская пенсия», понимаемое как совокупность пенсионных выплат, формируемых из средств двух и более государств ЕАЭС в зависимости от трудового стажа и пенсионных накоплений, полученных на территориях различных стран союза. На основе проведённого анализа сформулированы рекомендации по совершенствованию механизмов взаимодействия национальных пенсионных систем, направленные на укрепление социальной справедливости и обеспечение долгосрочной стабильности в рамках евразийской интеграции.

Ключевые слова: ЕАЭС, пенсионное обеспечение, трудовая миграция, Евразийская пенсия, гармонизация законодательства, трудовой стаж, накопительная система.

V. Pitrakov¹

¹Innovative University of Eurasia, Kazakhstan

**The Eurasian pension as a new form of socio-economic integration between
Kazakhstan and Russia within the framework of the EAEU**

With the increase in cross-border labor mobility in the post-Soviet space, the issue of regulating the pension rights of citizens working outside their home countries is becoming increasingly relevant. This study focuses on analyzing the economic and legal transformations in the field of pension provision resulting from the entry into force of the Agreement on Pension Provision for Working Citizens of Member States of the Eurasian Economic Union (EAEU). This international legal act is aimed at unifying and harmonizing the standards for the formation of pension rights of citizens working in the partner states of the integration association.

The purpose of the work is to draw conclusions about the need to deepen international coordination in the field of pension provision as a key factor in the social integration and sustainable development of the Eurasian Economic Space.

The study used general scientific and special methods, comparative economic and systemic analyses of the pension systems of the Republic of Kazakhstan and the Russian Federation.

The work examines the mechanisms of proportional financial accounting for labor (insurance) experience and pension contributions. Particular attention is paid to the characteristics of key pension models – solidarity (distributive/labor) and accumulation, each of which reflects the specifics of the socio-economic reforms of the respective countries. The author introduces the concept of “Eurasian pension” into scientific discourse, understood as the totality of pension payments formed from the funds of two or more EAEU states, depending on the length of service and pension savings accumulated in the territories of various countries of the union. Based on the analysis, recommendations are formulated for improving the mechanisms of interaction between national pension systems, aimed at strengthening social justice and ensuring long-term stability within the framework of Eurasian integration.

Keywords: EAEU, pension provision, labor migration, Eurasian pension, harmonization of legislation, length of service, funded pension system.

Қолжазбаның редакцияға келіп түскен күні: 10.03.2026 ж.